



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Сенат Төрағасы ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының делегациясымен кездесті


Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Орталық Азия бойынша арнайы өкіл Фара Карими бастаған ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының делегациясымен кездесті. Тараптар өзара іс-қимылды, оның ішінде халықаралық ұйымдар арасындағы байланысты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

Кездесуде Мәулен Әшімбаев Қазақстан ЕҚЫҰ-ны қауіпсіздік пен ынтымақтастыққа қатысты іргелі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін тиімді көпжақты алаң ретінде қарастыратынын айтты.

«Қазіргі уақытта ЕҚЫҰ Ұйым алғаш құрылған кездегі Шығыс пен Батыс арасындағы «көпір» ретінде маңызды миссия атқарып

леді. Сондай-ақ Орталық Азияның зор экономикалық және мәдени әлеуетін іске асыруға ықпал етеді. Мемлекет басшылары 2022 жылы Орталық Азияны ХХІ ғасырда дамытудың достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартына қол қойды. Біз Өзбекстанмен, Қырғызстанмен және Тәжікстанмен ынтымақтастық жөніндегі екіжақты парламентаралық комиссиялар арасында белсенді жұмыс істеп келеміз. Сонымен қатар жаңа алаң – Орталық Азия мемлекеттерінің Парламентаралық форумын құрдық. Форумның алғашқы отырысы былтыр Қазақстанда өтті», деді Палата Төрағасы.

Мәулен Әшімбаев ЕҚЫҰ ПА өкілдеріне Мемлекет



Президент Өнеркәсіп және құрылыс министрін қабылдады

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев Мемлекет басшысына өнеркәсіптік даму, геология, жер қойнауын пайдалану және құрылыс салаларындағы жұмыстың нәтижесі мен алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде баяндап берді.

Президентке өнеркәсіптік даму, геология, жер қойнауын пайдалану және құрылыс салаларындағы жұмыстың нәтижесі мен алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде баяндалды.

Министр биылғы қаңтар-ақпан айларында Қазақстанның өңдеу өнеркәсібіндегі өсім 7,4 пайызды құрағанын жеткізді. Өндіріс көлемін ұлғайтуда машина жасау, металлургия, химия және жеңіл өнеркәсіп сияқты салалардың үлесі зор. Жалпы құны 1,5 триллион теңге болатын 180

жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Соның арқасында 17,8 мың жұмыс орны ашылмақ.

Мемлекет басшысына құрылыс саласының жай-күйі туралы мәлімет берілді. Былтыр 157 мың тұрғын үй салынған. Биыл 172 мың тұрғын үй салу көзделіп отыр. Сондай-ақ жалға берілетін 22 мың тұрғын үйдің құрылысына мемлекеттен 300 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінген. «Отбасы банкі» арқылы қаржыландыру көлемі 300 миллиард теңгені құрайтын бағдарлама іске қосылды. Бұл ел азаматтарына 12 мың ипотекалық займ беруге септігін тигізеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жер қойнауын пайдалану құқығын беруге қатысты аукциондарды электронды форматта өткізу үшін E-Qazyna.kz

цифрлық платформасының іске қосылғаны жайында баяндалды. Бұл бастама процестің ашықтығы мен қолжетімділігін едәуір арттырды. Аукциондарға Rio Tinto және Fortescue сияқты әлемдік ірі компаниялардың қатысуы Қазақстанның ресурстарға бай кен орындарын зерттеуге мүмкіндік беретін бәсекенің арта түскенін көрсетеді.

Президентке министрліктің су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету жөніндегі негізгі жоспары таныстырылды. Қазіргі уақытта су басқан өңірлерде жаңа тұрғын үй салу үшін жобалық-сметалық құжаттаманың құнын бекіту жұмыстары аяқталып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев апаттан қираған тұрғын үйлерді тез арада қалпына келтіруді тапсырды.



отыр. Біз еуропалық кеңістіктегі негізгі саяси серіктестеріміздің бірі – ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясымен конструктивті ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Қазақстан Парламентінің депутаттары ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының сессияларына, оның комитеттерінің жұмысына және байқау миссияларының құрамындағы міндеттерге белсенді қатысып келеді», деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Сенат Спикері бүгінде Орталық Азия мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастар стратегиялық әріптестік пен одақтастыққа табан тірей отырып, дәйекті түрде дамып келе жатқанына назар аударды. Аталған мәселеге Мемлекет басшысы ерекше көңіл бөліп келеді. Тараптар өңірдегі ынтымақтастықтың жоғары деңгейін Парламенттер арқылы да қолдап отыр.

«Өңірлік жақындасу үрдістері біздің елдеріміздің ұлттық мүдделеріне сай келе-

басшысының бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың іске асырылу барысы туралы да айтып берді.

Сонымен қатар Орталық Азия елдеріндегі экологияның жай-күйіне, климаттың өзгеруіне, трансшекаралық өзендерге, суару, су ресурстарын үнемді пайдалану және басқа да салаларға қатысты өзекті проблемалар талқыланды. Атап айтқанда, тараптар Арал теңізінің экожүйесін қалпына келтіру жөніндегі бірлескен жобаларға және Палатаның осы бағыттағы заңнамалық жұмысына ерекше назар аударды.

Өз кезегінде ЕҚЫҰ ПА өкілдері Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің маңызына тоқталып, олардың нәтижелерін жоғары бағалады. Сондай-ақ алдағы уақытта парламентаралық ынтымақтастық одан әрі нығайтсетініне сенім білдірді.

«Созақ үні»-ақпарат.

ИПОТЕКА 9-20-19:

«Наурыз» бағдарламасының шарттары қандай?

«Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Нұрлан Ақшанов пен сату жөніндегі менеджер Мақсат Заитов жаңа ипотекаға кез келген мерзімнің депозиттерімен қатысуға болатынын, алайда, 1 млн теңге жинақ сомасы туралы талап сақталатынын хабарлады.

Ипотеканың белгілі шарттары мен талаптары

Мөлшерлеме: 7% - халықтың әлеуметтік осал топтары үшін, 9% - басқалары үшін.

Бастапқы жарна - 20%-дан бастап.

Несие мерзімі - 19 жыл.

Өңірлерде, сондай-ақ Астана, Алматы, Шымкент, облыс орталықтарында несиенің ең көп сомасы әлі анықталмаған. «Отау» ипотекасымен салыстырғанда жоғары болуы мүмкін.

Қатысушының соңғы бес жыл ішінде ешқандай жылжымайтын мүлкі, сондай-ақ оның және оның отбасы мүшелерінің: ерлі-зайыптыларының, балаларының оның тұрғын үйімен ешқандай мәмілелері болмауы тиіс.

Биыл 300 млрд теңгені қаржыландыруға қарамастан, «Наурыз» ипотекасында баллдар

бойынша ранжирлеу принципі қалады, «Отаудағыдай» депозит мерзіміне қатысты шарттар болмайды.

Қандай тұрғын үйді сатып алуға болады?

Қазір нақты шарттар жоқ. Десе де Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және облыс орталықтарында-бастапқы нарықтағы үйлер.

Ал ауылдар мен аудан орталықтары бойынша тұрғын үй сегменті әлі талқыланып жатыр.

«Наурыз» бойынша барлық бастапқы нысандарды Баспана маркет порталынан көруге болады.

«Наурыз» ипотекасының «Отау» ипотекасынан айырмашылығы қандай?

Кез келген мерзімнің депозиттерімен қатысуға болады. 18 ай және одан артық депозит қажет емес. Алайда, жинақталған сома туралы шарт 1 млн теңгені құрайды.

Әлеуметтік осал топтар үшін ипотека бойынша мөлшерлеме - 7%.

Биыл «Наурыз» бағдарламасына қатысуға өтінімдер 1 мамырдан бастап қабылданады. Бірақ келесі жылдан бастап өтінімдер 1 наурызда қабылдана бастайды.

АЙТ НАМАЗЫ ОҚЫЛДЫ



«Шолаққорған» орталық мешітінде ораза айт намазы оқылды. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жиналған көпшілікті айт мерекесімен құттықтап, ауыл ақсақалдары бата-тілегін арнады.

АУДАНДА КӨҒАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ АРТУДА

Бүгінгі таңда аудан аумағында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында «Таза-өлке» күніне орай ұйымдастырылған көгалдандыру жұмыстарының қарқыны күн санап артуда.

Аудан орталығындағы «Абай» және «Тәуелсіздік»

көгалдандыруға қатысты жұмыстарды жіті бақылауда. Бүгін аумаққа арнайы барған аудан басшысы жаңадан егілген тал көшеттерін шарбақпен қоршап, тамшылатып суару қондырғысын орнату шараларын пысықтады.

Айта кетейік, Шолаққорған



саябақтарына 2000-ға жуық көшет егілсе, Шолаққорған - Түркістан бағытындағы «Жасыл белдеу» аумағына жаңадан егілген тал көшеттерінің саны 4000-ға жуықтады.


Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков әр күні «Жасыл белдеу» аумағында болып, санитарлық тазалық пен

-Түркістан бағытындағы жолдың екі жанын қосып есептегенде, «Жасыл белдеудің» жалпы аумағы 10 шақырымды құрап, онда бүгінге дейін егілген көшеттердің саны он мыңнан асты.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

С.Қожанұлының туғанына 130 жыл

Мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожанұлының 130 жылдығы мерейтойына дайындық жұмыстары жылдың басынан бері басталып, жұмысшы тобы. Құрамы, жоспары нақтыланып осы уақытқа дейін аудан әкімдігінің қатысуымен бірнеше рет кеңес отырысы өткізілді. Жұмысшы тобы құрамында аудан әкімінің орынбасары Серік Сахихлы, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Ерлан Райымқұлов, аудан әкімдігі



Айтулы шараға да аз уақыт қалды

мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Мерей Ниязәліұлы, Қаратау, Шолаққорған ауылдарының әкімі О.Ермахан, Ә.Елібаев, аудандық денсаулық, ішкі істер, төтенше жағдай, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар. Бүгінгі таңда мерейтойдың өтетін күні, орны, шақырылатын қонақтар конингенті, ғылыми конференция, ас өткізілетін орын, спорттық шаралар, айтыс, ауыл мешітінің ашылуы, қандай шараларға кімдер жауапты ретке бекітілген сияқты маңызды бөліктер тағы пысықталып өтті. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып, Теріскей елі, Сұлтанбектің елі ауызбіршілігі

асқан, ынтымағы тасқан өңір екенін тағы бір дәлелдейтін күн де туып келеді. Сол себепті әрбір ел тұрғындары шараға белсенді ас салысып, оның жоғары деңгейде өтуіне мұрындық болайық!

Дүйсенбі күнгі аудан әкімінің қатысуымен өткен жұмысшы тобының кезекті отырысына ат салысуға ниетті облыс аумағынан бір топ азаматтар келіп қатысты. Олар Манахов Абубайра, Ізтілеуов Мұратқажы, Тұраров Сыздықбек, Мырзақұлов Құрманбай, Қарнақбаев Ербол, Дайрабаев Құрбан арнайы келіп қатысы отырып, өздерінің, елдің айтулы ұсыныстарын ортаға салды, ақыл-кеңестерімен

бөлісті. Аудандық, облыстық басылымдарда мерейтойға арналған арнайы беттер ұйымдастырылатын болады.

Аудан әкімі кезекті басқосуда шараның басты бағыттарын пысықтай отырып, алдымен ауыл тазалығы, мешіттің ашылуы, жарықтандыру, музыкалық аппаратурамен қамту, киіз үй тігу, келетін қонақтар саны, шақыру мәселесі, ас дайындығы сияқты өзекті мәселелерге тағы да назар аударды.

Астың өткізілетін уақытын, сағатын, күнін, орнын, бағдарламасын жақын күндері хабарлайтын боламыз. Асқа да аз уақыт қалды!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Көктемгі дала жұмыстары

Аудан әкімінің орынбасары А.Сатыбалдының төрағалығымен жұмысшы топ Жартытөбе ауылдық округінің шаруаларымен кездесіп, көктемгі дала жұмыстарына байланысты жиын өткізді.

Жиында көктемгі дала жұмыстарына қажетті дизель отынына өтінім беру, жеңілдетілген несие алу жолдары, мемлекеттік қолдау шаралары, ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алу жайында кеңінен түсіндіру жұмыстары айтылды.

Сонымен қатар, игерілмей жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді мемлекет меншігіне қайтару шаралары мен жер заңнамасының сақталуы жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жартытөбе ауылдық округінің тұрғындары көрші аудандардың ауыл шаруашылығы жануарлары егістік жерлерге кіріп кетуін тоқтатуды назарға алуды сұрады. Бұл мәселе жөнінде аудан әкімінің орынбасары А.Сатыбалды алдағы уақытта көршілес аудандарға барып, аудан әкімдігі өкілдері мен шаруашылықтарға арнайы жиын өткізілетіндігін жеткізді және де егілген егісті толық жи-



нап алмайынша шаруаларға егіс басына малмен көшіп бармауды, қарауыл ұйымдастырып, егіс басынан арнайы қамаққа арналған қора ұйымдастыру жөнінде кеңінен талқылап, Егіншілер мен мал бағушы азаматтардың бір-бірінің еңбегін бағалауды айтты.

«Созақ үні» - ақпарат.



Әйел-аналар су басқан аймақтағы отандастарға көмек қолын созуда

Топан су-тілсіз жау. Қызыл судың зардабы бүкіл елді елеңдетіп отыр. Еліміздің 10 аймағына төтенше жағдай жарияланды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына үндеу жариялады. Үкіметке нақты тапсырма берілді. Басшылар да, халық та бірігіп, жұмыла жұмыс жасауда. Алайда, топан су толастар емес, қызыл су қысылар емес. Осындай қиын сәтте елдің бірлігі, ынтымағы, бір бірімізге қамқорлық, көмек керек. Аллаға шүкір елдігіміз бар екен. Ел болып көтеріліп су басқан аймақтардағы ағайындарға қарапайым халық барынша гуманитарлық көмек беруде.

Заттай, қаржылай барымен бөлісуде. Созақ ауданы, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшелері де ел басына күн туғанда қарап қалмай барынша өз үлестерін қосуда. Кімге, қайда, қандай қиыншылық келсе де әйел ана жүрегі бірінші болып елеңдейді, жаны ауырып, барымен бөлісіп, қамқорлыққа, көмекке дайын тұрады. Осындай қиын сәтте бей жәй қарап отырмай, топан су басқан өңірлердегі ағайындарға мүмкіндігінше көмек қолдарын созып, өз үлестерін қосқан бірлестігіміздің және басқа да барша әйел аналарға Алла разы болсын. Ел басына осындай қиын

жағдай түскенде елдігімізді жоғалтпай, ынтымақ бірлігімізді арттырайық ағайын. Қызыл судың зардабынан аман есен құтылып, мамыражай күнге жетейік. Сабырлық танытып, жалған ақпараттан сақ болмайық. Елдің амандығын тілейік. Шамамыз келсе су басқан аймақтардағы ағайынға көмек берейік. Халқымыз аман, еліміз тыныш болғай.

**Нұржамал МАЙУСОВА.
«Бақ-Нұры» іскер әйелдер
қоғамдық бірлестігінің
төрайымы.**

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер өмір сапасы

Еліміз егемендік алған жылдар ішінде қоғам дамуының барлық саласында оңтайлы өзгерістер орын алып келеді. Соның ішінде, мемлекеттік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасалды. Мемлекеттік қызмет жүйесін электронды форматта жетілдіру және оған азаматтардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үкімет алдында тұрған маңызды стратегиялық міндеттің бірі болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Ол қызмет алушылардың өтініші бойынша жекеше түрде олардың құқықтарын, бостандықтарын мен қаржылы және қаржылы емес заңдылықтарға сәйкес және тұлғаларға қызмет көрсетуді іске асырады. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізу бұл мәселе заң жүзінде бекітілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер: көрсетілетін қызметті берушілер арқылы, мемлекеттік корпорация арқылы, «электрондық үкіметтің» веб-порталы және жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы арқылы көрсетіледі.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасына сәйкес, халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында электронды түрде қызмет көрсету заман талабына сай қарқынды дамуда. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Бүгінгі таңда, мемлекеттік органдар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді бекітілген заңнама талаптарына сәйкес электронды көрсетуде. Бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардың ішкі бизнес-үдерістерін автоматтандыруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен азаматтардың өзара іс-қилының ең тиімді нысаны ретінде электрондық мемлекеттік қызметтерді дамытуға ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметтерді ұсынудың автоматтандырылған түрінің артықшылықтары олардың қолжетімділігі. Қызметтерді автоматтандырылған режимге ауыстырудың негізгі артықшылығы ретінде мыналарды атап өтуге болады: қызмет алу туралы ақпарат алуға қолжетімділік; мемлекеттік қызметтерді алу рәсімдерін жеңілдету, қызмет алуға байланысты уақытша шағындарды қысқарту; үйден немесе жұмыс компьютерінен мемлекеттік қызметтерге өтініш беру мүмкіндігі.

Мемлекеттік қызметтер көрсетуін жақсарту баламалы және электрондық қызметтердің үлесін көтеру мақсатында ХҚКО арқылы және электрондық қызметтердің кең таралуын және пайдаланушыларды арттыру үшін мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын көтеру жөнінде шаралар болып табылады.

Іс-шаралардың негізгі мақсаты мемлекеттік қызметтерге қол жетімділікті арттыру, халықты ақпараттандыру, оны электрондық нұсқада алуды үйрету, мемлекеттік қызметтердің ашықтылығын көрсету және қызметтердің сапасын арттыру, аудан көлемінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер және электронды қызметтер туралы толық ақпаратты бере отырып, қызмет көрсету бағытында толғандырған ойлар мен проблемалық мәселелерге, сұрақтарға жауап беру.

Электрондық үкіметті дамыту дегеніміз біріншіден, халықтың компьютерлік сауаттылығын көтеру, халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін жақсарту, сол арқылы мемлекеттік қызмет сапасын арттыру. Екіншіден, сыбайлас жемқорлық көріністері мен бюрократтық тосқауылдың азаюына негіз тудыру. Үшіншіден, рұқсат беру құжаттарының тізбесін қысқарту болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік орындардың қызметіне деген сенімін көтеру маңыздылығы зор.

Созақ ауданы әкімі аппаратының ақпараттандыру және мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі бөлімі.



Жыл басы жақсылықтармен басталды

“Будёновское” БК ЖШС-нің Бас директоры Жансүгіров Даурен Орашұлы қияндағы Жуантөбе ауылына арнайы келіп, ауыл әкімімен, ауылдың қарияларымен кездесу өткізді.

Аудан әкімінің жергілікті халықпен кездесуінде өзекті мәселелердің бірі ретінде арнайы

шефтік көмек ретінде бір өндіріс орны нақты бекітіліп берілсе деген ұсыныс айтылған. Соған байланысты аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының өндіріс орындары басшыларымен кездесуінде “Будёновское” БК ЖШС мекемесінің Жуантөбе ауылына шефтік көмек беріп отыруы

мақұлданған. Аталған жаңалықты ауыл халқы қуанышпен қарсы алып, зор үміт күтуде.

Іскерлік кездесу барысында шефтік көмек ретінде алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар талқыланып, біршама ұсыныстар қолдау тапты.

Даурен Орашұлы ауыл ақсақалдарына сәлем беріп, Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамымен құттықтап, 20 отбасына мерекелік азық-түлік себетін тарту етті.

Сонымен қатар, Наурыз мейрамында өтетін спорттық шара-

ларға қаржылай демеушілік жасады. Ауыл әкімі Дәуржан Абраев та қарап қалмай ауыл жұртшылығы атынан өндіріс басшысына елдің ризашылығын жеткізіп, ауыл әкімі атынан алғыс хатпен марапаттады.

Өндіріс орындарында жалғасуда

Көктем мерекесі наурыз-сәуір айлары шеңберінде әлі де ауданымызда жалғасын табуда. «Волковгеология» АҚ-ның ГБЭ-5 филиалында көктемнің алғашқы онкүндігінен бастап кеңінен аталып жатыр. «Айгене» және «Аппак» вахталық поселкесінде «Қош келдің Ұлыстың Ұлы күні Қош келдің Наурыз!» атпен іс шара өткізді. Ісшараға ЖШС “Казатомпром-SaUran” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директоры және бас инженері, ЦАПБ, Ураноэнерго директорлары, Таукент поселкесінің әкімі Елдос Дәулетбаев және “Волковгеология” АҚ-ның ардагерлері және филиал жұмыскерлері шақырылды.

ГБЭ -5 филиалының директоры Бекішов Құрманғали Әбиұлы және Таукент әкімі Даулетбаев Елдос Орынбасарұлы барлық филиал жұмысшыларын және де келген ардагерлер мен қонақтарды құттықтап, жылы лебіздерін білдіріп, іс-шараны ашты. Филиал директоры Бекишов Құрманғали Әбиұлы келген ар-



дагерлерді алғыс хатпен марапаттап және зейнет жасына жеткен Асамбаев Е.У. «Волковгеология» АҚ-ның Төрағасы Ташимов Ерлан Лесбековичтың алғыс хатымен марапаттап, сый-сияпатын көрсетті.

Шара қорытындысында филиал жұмысшыларын кент әкімі аудан әкімі, аудандық мәслихат төрағасы, «Аманат» партиясы мен өз атынан алғыс хатпен ма-

рапаттады. Жұмысшылар арасында Ұлттық ойындар ойнатылып (асық ату, гир тасын көтеру, арқан тарту, қол күрес) жүлделі орын алғандарға алғыс хатпен сыйлықтармен марапатталды. Іс шарада Созақ ауданының «Мыңжылқы» Мәдениет үйінің өнерпаздары өнер көрсетті.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Сабақта табысқа жету-тиімді әдіс-тәсілден



Л.Бөкенов жалпы орта мектебінде жас мамандарға тәжірибелі ұстаздардан шебер сынып өтті. Шебер сыныптың ерекшелігі - жас мамандарға сабақ үдерісінде тиімді әдісті қолдана білуге бағыттау, үйрету, идеялар туындату. Заманауи әлемдік тренд әдістердің ішінде сабақ барысында кіріктірілген әдісті қолдану табысты нәтижеге жету

болып табылады. Жаратылыстану мен гуманитарлық бағыттарды кіріктіре отырып оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, білім сапасының көтерілуіне ықпал етеді. Шебер сыныпта: қазақ тілі мен математика, физика мен музыка, тарих-биология-геометрия пәндерін кіріктіре отырып, жаңа білім алуға бағыттау әдісі көрсетілді.

Пән мұғалімдері Н.Ақсақалова, А.Жүнісова, Қ.Шәкірбек, Г.Утебаева, Т.Асанова, Н.Сыдықова және мектеп директоры, математика пәні мұғалімі Ұ.Зулхарнаева өз тәжірибелерін көрсетті. Жас мамандар кері байланыс беріп, өздеріне ой түйгендерін айтты.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қоғамдық келісім, ынтымақ, бірлік-мемлекетіміздің тірегі

Бүгінде Қарт Қаратаудың әсем табиғаты көктемнің шырайлы шағымен түрленіп Жер-ана алқызыл гүлмен көмкеріліп, уыз шаққа ұласқан. Айнала береке мен бірлік туы желбіріп, еңбек пен достықтың күйі шертілуде. Ауданымызда «Бірлігіміз-бақытымның бастауы» тақырыбында қазақ халқымен тағдырларын байланыстырған ұлттар мен этнос өкілдері бас қосып, бүгінгі шуақты мерекені бірге тойлауда.

Президентіміз халықтың бірлігін, татулығын нығайту-басты мақсат екендігін атап көрсетуде. Өйткені ынтымақ, бірлік, келісім- Қазақ елі үшін ең асыл қазына. Кешегі зұлматты кезеңде Қазақстанға жер аударылып, өзге ұлт этностарын ыстық ықыласпен қабылдап, бір шаңырақ астында тоғысқан ұлт өкілдері, бүгінде өсіп өніп отыр. Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылған уақыттан бері біздің ортақ шаңырағымыздың берік құрылымының бірі болып тұрақтылық, татулық пен бірлігіміз берік орнығуда. Тәуелсіздік жылдардан бері еліміздің саяси өмірінде ауқымды өзгерістер орнығып, ұлттық бірлігі доктринасы құрылып, ол өзінің міндеттемесін ақтады.

Мемлекет басшысының жаңа Қазақстанның жарқын болашағы үшін жасалып жатқан бетбұрысы, қоғамды демократияландыру деп айтуға болады. Жаһандандыру процесі қоғамдық қатынастардың жаңа форматын қалыптастырып отыр. Сол себептен де, Президент еліміздің саяси жаңғыруын, билік тармақтары арасында өзара қарым-қатынастарын оңтайландыруды көздейтін жаңа реформа бағдарламасын ұсынып отыр. Онда жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру көзделген.

Ол мақсатта бақыты болашақ үшін адал ұрпақ, ашық қоғам және «Қоғамдық келісім мен жалпұлттық бірлікті, елдің ынтымағы мен бірлігін нығайту жөнінде Шу, Тасты, Жуантөбе ауыл округтерінде тұрғылықты халық арасында елдің ынтымағы мен бірлігі жөнінде ашық форматта саяси сабақ өткізілді. Тыңдаушыларды қызықтырғаны қоғамдық формацияның түрі және өмір сүру тәсілі туралы дискуссия болды, жабық және ашық қоғам дегеніміз не деген сұрақтардан басталды. «Жабық» қоғам дегеніміз-догматы, жеке басқа табыну, мемлекет жаңғырусыз ілгері қозғалусыз тұрып қалдыруды білдірсе, «Ашық» қоғамда жаңа саяси реформа көздегендей өзара сынға ерік беретін демократияшыл қоғам орнығады. Ол елдің әлеуметтік экономикасының көтерілуіне оң ықпал әкелетіндігі түсіндірілді. Өйткені, мұнда қоғам мүшелерінің мәдениеті, моральдық-адамгершілік этикалары, олардың құқықтық сауаттылығы, мінез құлқын қалыптастыра отырып мүдделі қақтығысының барлық көріністеріне тәзбеушілік екені айтылды. Ол үшін әлбетте жемқорлықты еңсеру бойынша құзыреттерді дамыту, адамгершілікті басты бағыт ете отырып жемқорлыққа төзбеушілік оны болдырмау шараларын қабылдау екені мәлім. Сыбайлас жемқорлық деңдеген адамдардың адуындығы арсыздығы, олардың қылмыстық қызметінің нәтижелері адамгершілік құндылықтарының құнын жояды және қоғамның ұстанымдарын әлсіретеді.

Өйткені лауазымдық дәрежедегі тұлғалардың қоғам алдындағы құндылығын түсіру мүмкін. Жемқорлыққа жол берген елдегі адамдар әділетсіздік деп негізгі түрде қабылдайды.

Егер адамгершілік ережелердің кешені жұмыс істемесе, қоғам азғындығын, ал мемлекет-әлсіз болады яғни оның болашағы жоқ.

Бірлігі жараспаған елде әртүрлі тәртіптің шығындарына әкеледі. Эко-



номикалық шығынға, халықаралық аренадағы беделін жоғалтудан бөлек кез келген мемлекеттік қылмыстық идеологияны тарату проблемасын ұшастастырады.

Ең қауіптісі, белгілі бір топтың байтап өкілдерінің санасында тоғышарлық элементтерінің тамыр жаюымен шамадан артық тұтынуға ұмтылуын бағаламау болып табылады.

Бұл кемістік адамдардың санасында өзіндік мінез-құлық қалыптастырады. Сол себептен де конституциялық реформаның негізгі бағыттары осындай келеңсіз жағдайларға қарсы тұра алатын жаңа өкілетті құрылымдарды енгізуді басты мақсат етіп отыр.

Бұл ретте Қыземшек кенті мен Қаратау, Созақ ауыл округтерінде халықпен кездесу кезінде қызу талқыға түсті. Жемқорлық, әділетсіздік неден туындайды деген сұраққа?

Сонау ежелгі Вавилон заманынан бастау алғандығын дерек көздерінде кездесетіндігі ежелгі грек ойыншылары Платон мен Аристотель өз еңбектерінде парақорлық қоғамның экономикалық, саяси және рухани өмірінің күйретушісі деп бағалағандығы түсіндірілді.

Аристотель «мемлекетті тұрақты ету үшін кез келген заңдар лауазымды адамның пайда таба алмайтындай етіп құру керек» деген.

Ал, Созақ, Таукент этнос өкілдері мен кездесуде, талқылауда бұл мәселеге жастар бейжай қарай алмайтынын білдірді. Бұдан жас ұрпақтың болашағына түсіретін кез келген қауіпке алаңдайтынын, жағымсыз әрекеттер санаға, тұрмыс пен қызметтік жұмысқа терең тамыр жайған зұлымдық екенін, одан жастар тәлім тәрбие алатын ештеңе жоқ екені көтерді. Тағы бір аайта кететін жайт Шолаққорған ауыл округінде тұрғындармен өткен сабақта еліміздің билік тармақтарын реформалау жөнінде Конституциялық өзгерістері жөніндегі ұсыныстарын толық қолдайтындықтарын білдірді. Ол үшін ашық қоғамды демократиялық тұрғыдан дамыту керектігі, адамгершілік тамыр жайған қоғамда заңдар сақталады жемқорлар өзін қолайсыз сезінеді, олар өзінің қылмыстық әрекетін жүзеге асыра алмайды, бұған адамдарды моральдық тұрғыдан тәрбиелеу арқылы қол жеткізуге болатындығы айтылды.

Ал, Құмкент, Жартытөбе ауыл тұрғындары мен кездесуде шаруашылық мәселесі көтерілді. Жаңа кәсіп ашқысы келетін азаматтардың мемлекеттік қолдау қаржысын аламайтындығы шаруалардың мемлекеттік субсидияғы қол жеткізе алмайтыны баса айтылды. Осыдан барып билікке деген сенімсіздік туындайтыны байқалды. Бұл мәселе

жөнінде төмендетілген несие алу үшін заңды кепілдік керектігі түсіндірілді.

Наурыз мерекесі қарсаңында ұлттық киімдері бойларына жарасқан әр этнос өкілдерінің көңіл-күйлері халқымыздың бірлігінің, ырыс-берекеміз бен бақдәулетіміздің қалтқысыз кепіліне көрінді. Көгілдір туымыз биікте желбіресе, ақ көгершіндей пәк достық ниет орныққанын да паш етті.

Отанымыз-Қазақстан жасай берсін-деген тілек әр жүректе жаңғырып, оған жеткізетін ынтымақтың уығын бекітуге бел буылғаны анық аңғарылды. Елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Бұған аға буын өкілдерінің, жас ұрпаққа беріп келе жатқан өнеге өсиеті де арқау болмайды...

Сол себептен де тәрбие беруде отбасының тәрбиесі оның рөлі аса маңызды өйткені қоғамдық дамудың индикаторы. Отбасылық құндылықтарды, дәстүрді, мәдениетті, өмір салты мен дүниетанымдық ұстанымдарды көрсетеді. Бұл диалектикалық өзара байланысы ақырында отбасын қоғамдық әлеуметтік институты ретінде түсінігіміздің негізін құрайтындығын белгілі.

Десек те бүгінгі күні жасыратыны жоқ тәрбие аясында адалдық, ар-ұят, сатылмаушылық сөзіне беріктік сияқты құндылықтар күші әлсіз қолданылады. Себебі көбі адал, парасатты болуы пайдалы емес, кейде бұл қасиеттер жеке өмір сүруіне кедергі келтіреді деп санайды.

Елден бөтен болғысы келмейді, осыдан барып сана мен мінез қалыптасады, сенімге селкеу түседі, яғни халық дәстүрлері мен салтында тарихи және мәдени тамыры бар деген ой орнығады.

Алайда мұндай тәжіриمدармен келісуге болмайды, ешбір ұлттық мәдениет, салт-дәстүрлер адамды жемқорлыққа тәрбиесіздікке итермелемейді. Пара беру мен алу әрқашан моральдық этикалық нормалар мен халықтың түсінігіне қарама-қайшы келетін әлеуметтік зұлымдық ретінде қабылданған. Сондықтан да ар-намыс пен адами абыройын сақтау-халықтың шынайы өмір сүруі мәні екенін ұмытпаған дұрыс.

Абай адал еңбек идеясын, адамға табиғаттың берген сыйы деп бағалаған. Ал білім мен мәдениет, қоғамның әлеуметтік құндылықтары. Мұның бәрі бақыттың болашағы.

Жалпұлттық бірлік, тұрақтылық-біздің табан тіреуіміз, біздің бірлік баға жетпес байлығымыз, ынтымақтаса жаңғыру- келешекке жетелейтін жарқын жолымыз.

Осы үш ұғым мемлекеттің тұтастығына тірек бола алады. Қазақта «Ынтымақ болмай іс оңбас», «Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді» дейтін бабалардан қалған нақыл сөз бар.

Шындығында татулығы жарасқан елге ашқандай қауіп-қатер төнбейді. Бізде 140 этнос пен 17 конферессияның өкілдері тұратын елде ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық бірлікті сақтап, нығайту басты міндет екеніне шығып сөйлеген азаматтар баса назар аударды.

Шынымен де, қазіргі таңда бірқатар мемлекеттердің тұрақты дамуына діни және этникалық жанжалдар айтарлықтай қауіп төндіріп отырған кезде Қазақстанның даму саясаты мұндай мәселелерді жүйелі түрде шеше білуге қабілетті екенін көрсетуде.

Еуро одақтағы этносаралық қақтығыстың алдын алу теориясын, тәжірибесін зерттеген ғалым Э.Стюарттың айтуынша, қақтығыстар-көбін мемлекеттер арасында емес, мемлекеттердің өз ішінде тұтанып отырған. Этностына, дініне не ұлтына байланысты репрессиялық әрекеттер кикілжіңдердің туындауына себепкер болған. Сондықтан, ерте қағу жүйесі ең алдымен әр елдің өз ішіндегі конфликт индикаторларына саяси экономикалық және әлеуметтік жағдайға байланысты шиеленіс туындайды. Ел тәуелсіздігі жарияланғаннан бері уақыттарда жүзеге асырылып жатқан ішкі саясат Қазақстан қоғамында ұлтаралық ынтымақтастық пен халықтар достығының көркейіп дамуына қолайлы жағдай тудырды.

Бүгінгі республикамыздағы діни конфессиялар мен ұлттар, ұлыстар арасындағы қарым қатынастар отандас халықтардың шынайы достық пейілдерін паш етеді... Тәуелсіздік жылдарында өзінің серпінді күш-қуатымен әлемдік интеграцияға бет алған Қазақстан өзге мемлекеттерді қол жеткізген жетістіктерімен таң қалдыруда.

Тертеу түгел болса төбедегі келері хақ. Сан ұлттың мекені болған мемлекетіміздің алар асуы алды. «Байлық байлық емес, бірлік байлық» дегендей, расында Қазақстанның саяси-әлеуметтік дамуында «бірлік» категориясы ең құндылық болып табылады. Бақыттың болашағы деп осыны айтса болар. Бірлігі бекем елдің болашағы нұрлы, келешегі кемел. Бүгінгі отанымыздың жетістігі-әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Жыл сайын келетін Наурыз мерекесі әрқашан халқымыздың бірлігін паш ететін, қоғамдық келісім кемеліне жетіп, елдің бірлігі жарасып, ынтымағы ұйысатын күн. Бұл күні Отанға адалдық, елге жанашырлық, азаматтық парыз асқақтай түседі. Қоғамдық келісім мен елдің бірлігі біздің өсіп өркендеуіміздің негізіне ортақ игілігімізге айналады. Тек бірлігі жарасқан татулығымыз халық қана ұлы бөлестерді бағындыра алады. Бүгінгі жаңа дәуір ол «Жаңа Қазақстанның кемел келбеті».

Бірлігі бекем елдің болашағы нұрлы, келешегі кемел. Әрдайым осы бірлігімізден айырылмай, татулығымыздан таңбай, жұбымызды жазбай, болашаққа бірге қадам баса берейік.

Білесің бе?.

Отанның сен не екенін.

Екі өмір жоқ, әрине жоқ екі өлім.

Екі Отан жоқ,

Жалғыз Отан мекенің.

Ол сенің Қазақстаның.

**Мыңжасар АСҚАРОВ,
Құлыншақ Кемелұлы атындағы
шығармашылық бірлестіктің
төрағасы.**

Шетелдегі заңсыз діни білім алу

Қазіргі таңда шетелдерден діни білім алуға жастарымыздың қызығушылығы едәуір ұлғайған. Елімізде жастардың шет мемлекеттерден ілім ізденіп, шекара асып кетіп жатқандығы таңқаларлықтай жайт емес. Себебі қазақ жастарының шетелде білім алуы қолжетімді жағдайға айналған. Алайда ілім аламыз деп барған жастарымыздың, керек арамның жетегіне еріп кетіп жатқандығы тағы бар.

Шетелдегі теологиялық бейресми оқу орындарында білім алу аса қауіпті. Олар мемлекеттің арнайы бақылауында болмағандықтан, «медресе» немесе «университет» деген атауға ие емес. Шағын курс ретінде жұмыс жасайды. Аталмыш бейресми «курстардан» білім алған кейбір жастарымыз «сәләфизм», «тәкфиризм» тәрізді ағымдардың идеологиясына уланып шыға келеді. Кез келген діни ұйым, ағым, саяси топ өздерінің мақсатын жүзеге асыру үшін арнайы оқытатын орталық құрады. Жастарға тегін білім береміз, тегін тамақпен қамтамасыз етеміз деп қызығушылықтарын арттырады. Тіпті шәкірттерінің барлық жағдайын жасауға дайын болады. Олардың негізгі идеологиялық мақсаты—өз жақтастарының санын арттыру. Осы себепті шет мемлекеттерден жастарды жинақтайды. Теріс діннің идеологиясына уланған жастарымыз, елге оралған соң да, сол ілімді жалғастырады. Қанымызға сіңген салт-дәстүрді жоққа шығарып, ұлттық құндылықтарымызды дәстүрлі ислам құндылықтарымен ұштастыра алмау діни адасушылыққа әкеп соқтырады.

Әлеуметтік желі арқылы жастардың санасын улап, өзге мемлекеттің ілім ошақтарынан діни білімді алуға, атап айтсақ Сауд Арабия, Йемен, Кувейт, Иран, Пәкістан, Катар сияқты елдерде алуға құштарлығын арттырып отыр. Қоғамға кері әсер етпейтін, жастарымыздың санасын уландырмай сақтайтын қарсы иммунитет құруымыз қажет. Діни ілім алатын әрбір азамат ҚМДБ-ның рұқсатымен шетелде білім алуды қолға алса, жат ағымның жетегіне еріп кетуден жастарымызды сақтауымыз әбден мүмкін. Әрине бұл дегеніміз шетелдердің діни ошақтарының білім беру жүйесін мойындамайды дегенді білдірмейді. Еліміз шет мемлекеттердің білім беру жүйесін, ресми діни жүйесінің артықшылықтарын жоққа шығармайды. Бірақ қазақ жастары діни сауатын өз елімізде ашып, ақ пен қараны айыра алатын жағдайға жетуі тиіс.

Қазақстан—зайырлы мемлекет. Еліміздің заңына сәйкес дін ұстану еркіндігі, ешбір діннің міндетті еместігі сондай-ақ қандай да бір дінге артықшылық берілмейтіндігі және заңды түрде қызмет атқарып отырған барлық конфессиялардың заң алдындағы теңдігі нақты көрсетілген. Себебі Қазақстан халқы зайырлы және демократиялы мемлекетте өмір сүргендіктен, әркімнің өз таңдау құқығы бар.

Діни фанатизм қандайда жағдай болмасын барша адамзатқа қатерлі дерт болып табылады. Фанатизмнің қауіптілігі сол тек өзімізді ғана дұрыс, өзгелер қате пікірде деп санауы ғана емес, өзгелерге деген жеккерушілік пен басқа көзқарастыларға төзімсіздікпен қарауында.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабы 1-тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбатқазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», делінген. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңының 3-бабының 5-тармағында: «Азаматтардың дінге көзқарасына байланысты олардың азаматтық құқықтарының бұзылуына, діни қызметіне заңсыз кедергі келтіруге немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлауға жол берілмейді» деп атап көрсетілген. Қазақстан Республикасының азаматтары дінге деген көзқарастарына тәуелсіз экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салаларында өзара тең. Азаматтарды дінге көзқарасына шектеу немесе ұстанатын дініне қарай қандай да бір артықшылықтар беру, азаматтардың діни сезімдерін жәбірлеу, сондай-ақ дінді ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

Дін мемлекеттен бейтарап саналғанымен, дін мемлекет тірекерінің бірі — рухани тірегі болып қала бермек. Өзге елдің цивилизациясын аламыз деп канализациясына түсіп кетіп жатқандығымызды байқамаймыз.

Ислам діни үрке қарайтын сенім емес, бибітілікке татулыққа үндейтін діни сенім. Сондықтан дін атын жамылған, жат ағымның жетегіне ілеспей, дәстүрлі ислам діни сенім жүйесін ұстанған абзал.

М.ҚҰРМАНБЕК,
Теолог маман.

Қазіргі заманға ғаламтордың әлеуеті асып тұр. Себебі ғаламтор пайда болғалы кітап оқытандардың қарасы азайған секілді. Алайда ғаламтор бұрыннан сусындап келген кітаптың орнын баса алады ма?!

Әрине, әрбір өткен заманды, әрбір кезеңді жырылап келе жатқан кітап еш уақытта құндылығын жоймақ емес. Себебі кітап — алдыңғы шептің кейінгі ұрпаққа қалдырған мұрасы, көңілге түрлі ой түйгізетін, рухани жағынан өсейтетін жан азығы. Осы уақытқа дейін білімнің бәрі кітапта ғана болып келді. Әйтсе де, атам қазақтың «уақыт керуеніне бөгет жоқ» дегені рас. Бүгінгі күні кешегі бабаларымыздың шамның жа-

сы болып қалған. Өйткені кітаптан адам жанына нәр, жүрегіне шер алады, сол кітаптан жұбаныш табады. Бетін ашып қалса, көңілі елжірейтін, жүрегі төбіренеді. Сондағы өлең шумақтары, шығармалар жүрегіне дәрі болады. Кітап біз үшін әрі білім, әрі ғылым, әрі өнер, әрі мәдениет, әрі әдебиет. Кітап солардың бұлағы деуге болады. Өйткені ол қашанда қасымыздан табылып, қойны-қонышымызда жүреді, бізді ілгері сүйрейді. Ал интернет жағына келетін болсақ, ол да заман қажеттілігі, өте керек нәрсе. Ғаламтор тілін тапқандарға ол үлкен көмекші. Іздегенінді қиналмай табасың. Интернеттің ғаламаты шапшаңдығында, тездігінде, кез кел-

Қазір кітап көп шыға бермейді, көп болса прозалардың өзі мың-екі мың дана ғана шығады. Ал ол халықтың бәріне жетпейді. Қазіргі кезде технология заманы болған соң, интернет порталдарын көбейтіп жатыр ғой, сондықтан кітап оқу азая береді де, интернет қарыштай бермек.

Жалпы, адамға екеуі де қажет, тек орынды қолдана білу керек. Бірақ таңертеңнен кешке дейін виртуалды қарым-қатынасқа түсіп, ғаламторға байланып, соған тәуелді болатындар бар. Бұл — әрине, дұрыс емес. Ғаламторды орынды қолдансаң зиянды емес, қайта пайдалы. Өйткені одан қажет оқулығыңның барлығын табуға мүмкіндік бар, ал кітапханада

Кітаптан ғаламтор озды ма?

рығымен кітап оқу ескі заманы артта қалып, жаңа технологиялардың саны артып, ғылым да күннен-күнге даму үстінде. Соның бір парасы «әлемді торлаған ғаламтор». Болашағы зор ғаламтордың пайда болғанынан бері, халық кітап оқудан қалды деуге болады. Өйткені бұрындары әрқайсысы жеке-жеке ұсынылатын аудио, бейне жазбалар, суреттер, әндер, оқулықтар, әдебиеттерді қазір бір ғана ғаламтордан-ақ пайдалана аласың. Қаншама қажеттіліктің бір жерде шоғырлануы халық үшін тиімді, әрине. Ендеше, ғаламтордың да пайдасын жоққа шығаруға болмайды. Сол арқылы біз басқа елдермен де байланысқа шығамыз, көптеген деректерге қанығамыз және ғаламтор еліміздің, әлемнің түкпір-түкпірінде орын алып жатқан оқиғаларды, жаңалықтарды тез жеткізеді. Ғаламторда том-том кітаптардың ықшамдалған нұсқасын оқуға мүмкіндік бар. Әрине, онысы уақыт үнемділігі үшін жақсы. Дегенмен монитор алдында көсіліп отыра берсек, бас ауырып, көру қабілеті те нашарлайтыны анық.

Кітап адамның сырласы, мұнда-

ген жерден, кез келген мағлұматқа оңай қол жеткізесің. Бірақ заман жаңарғанымен, сол интернет бөрінің қолына түсе бермейді. Мысалы, ауылдық жерлерде интернет түглі, интернеттің қарасын көрмегендер де бар. Сондықтан интернет әлі бәріне бірдей жете қойған дүние емес.

Дәрігерлердің айтуынша, жүйкеге де әсер етеді. Сол себепті, ол кітап сияқты рухани досыңа айнала қойған жоқ. Бірақ кітапты жақсы көргенімізбен, оның күні өтіп бара жатыр. Келешек көп нәрсені жұтып қойып жатыр ғой, солай кітаптың да жоғалып кетіп, келешекте интернеттің ғана қалуы да ғажап емес. Ал кітаптың жоғалуы адамның көңілін, рухани байлығын жұтатады деп ойлаймын. Кітап оқып отырғанда адам сондағы кейіпкермен араласып, өзінің ойымен, шарықтау сезімімен танысып, табысып отырады. Адамның қиялы шарықтайды, фантазиясы кеңейеді. Ал ғаламтор ондай мүмкіншілікке жетелемесі анық. Адамның ойын тежеп тастайды. Көзбен көру қабілеті ғана қалыптасып, ойлау қабілеті шегеріліп қала бермек.

олай емес. Айталық, кітапханада каталогқа жүгінеміз, сонан соң тапсырыс береміз, сонымен қатар 5 кітаптан артық тапсырыс қабылданбайды, ал ғаламтордан керектің жылдам табысың. Негізі кітап пен ғаламтор керек емес, қайта бірін-бірі толықтырушы.

Кітап оқу қалай ыңғайлы болса, қазір сол компьютердің кітап сияқты «ноутбук», «нетбук» сынды ыңғайлы түрлері де бар. Демек, компьютерді де солай өзіңе ыңғайлы қалыпта отырып, не жатып қарауға болады. Мысалы, менің өзім жасым біршамаға келсе де қазір кітапханаға баруды қойдым, іздеген кітабымды ғаламтордан алып-ақ оқи беремін. Өйткені маған сол тиімдірек. Ал қызықты жерлерін принтер арқылы өзіме шығарып аламын. Психологиялық тұрғыдан алып қарасақ, тәулік бойы бас алмай үніліп отырмасаң, ғаламтордың еш зияндылығы жоқ.

Э.БОЛАТ,
Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтаарал ауданындағы дінтанушы маманы.

Діни жат ағымның қоғамға тигізетін зияны

Қазақ халқы дінді ұстануда байыпты болуымен ерекшеленген халық. Ұлттық болмысымызда дін мен салт-сана өзара үйлесім тауып сабақтасқан. Ұлттық болмысымызды білмейінше, халықтың мәдениет тұтастығын қалыптастыру құндылықтар рөлін анықтай алмаймыз. Қазақстанның ерекшелігі көп этностық, көп тілді және көп конфессионалды болғандықтан, бүкіл посткеңестік елдері сияқты, исламмен қатар басқа діндер де жаңғырып дамуда. Сондықтан қазіргі таңдағы дәстүрлі діндер мемлекеттің, елдің тұрақтылығын сақтауына негіз бола отырып, «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі» діни конфессиялар арасында рухани келісімді, халықтар арасындағы бірлікті нығайтуға себеп болады.

Елімізде өз жұмыстарын іске асырып отырған діни ағымдар екі негізден тұрады:

1. Ислам құрамында, мұсылман қауымдарда пайда болған діни-философиялық, саяси ағымдар.

2. Христиандық ілімнен бастау алатын, харизматикалық кейбір діни сипаттағы ағымдар.

Діни ұйымға немесе бірлестікке мүше болып кірген азаматтар үшін қоғам бұдан былай «біз» және «басқалар» болып шыға келеді. «Біз» дегені өзімен пікірлес ұйым мүшелері, ал «басқалар» дегені сіз бен біз, яғни олардың идеологиясын қолдамайтын өз еліміздің азаматтары. Сондықтан олар мемлекет идеологиясына, бірлік саясатына қарсы. Осыншама уақытқа дейін қазақ елінің жерінде

өсіп-өніп, білім алып, кәсіп қылып, асын ішіп, нанын жеп келген азамат бүгінде жат елдің, теріс ағымның күйін күйіттеп шыға келеді. Мұндай сипаттағы адамдарға «Асынды ішейін, ыдысыңды тебейін» деп бекер айтпаса керек. Бұл айтылған жағдай барлық дерлік деструктивті, жат пиғылды ағымдар үшін ортақ белгілер. Шын мәнінде сырттан келген келімсек бір ағым, жат идеология бір елдің керек-уюіне, қоғам өмірінің жақсаруына жаны ашып, қаншалықты көмек берері анық? Егер олар расында да адамдарды жарылқайтын болса, неге өз мемлекеттерінде іске асырмайды? Олардың экономикалары жетілген, қоғам мүшелері рухани кемелді ме? Материалдық және рухани жәрдемге мұқтаж адам қалмаған ба? Өкінішке орай, бүгінгі қоғамда теріс ағымның жетегінде кеткен қаншама отбасы мүшелері бар.

Сол себепте қазіргі уақытта алаңдататын жайт, мектеп оқушылары мен студент жастарымыз жат ағымның қармағына тез ілініп, соның салдарынан ата-ана, ұстаздары мен елінің ұстанымына қарсы шығуы. Сол үшін ата-ана балаға ұлттық болмысы мен құндылықтарға дұрыс бағыт беру қажет. Ата-ана балаға имандылық мәселесінде дұрыс тәрбие беріп, дұрыс бағыт-бағдар көрсетпесе, жат ағым өкілдері оны өз мүддесіне пайдалануы мүмкін.

«Дін-ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң-қасиретің» деп бекер айтпаған. Фиратты сөз, ақыл айтатын адам өмірді көрген жасамыс, білімді, ой-өрісі де биік қари-

ялар мектебін дамыту қажет. Анасының құрсағынан шықпай жатып уағыз, ақыл айтушылар көп. Ер не әйелдемей, екінің бірі ертелі-кеш сарнай берсек, ұлттық иммунитетіміздің қасиеті кетеді.

«Жат ағымдардың қоғамға тигізетін зияндарының» өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып өтсек:

-әлеуметтік тұрғыдан өзара көмек және қолдау қорсету;

-кішіпейілділік және тәуелсіздік сияқты құндылықтарды қолдай отырып, өз көзқарастары мен идеологияларын таратуға тырысу;

-кез келген жердегі мұқтаждық, жұмыссыздық, сауатсыздық және панасыздық сияқты әлеуметтік және экономикалық проблемаларды пайдалану;

-осы жердегі халықтардың, басынан кешіріп отырған қиын жағдайларды пайдалана отырып, өз қатарларына тартуға тырысу;

-әлеуметтік жағдайы нашар, ұлттық және рухани құндылықтарынан бейхабар жастарды өздері үшін мақсатты түрде миссионерлерге айналдыру;

-мемлекеттік төңкеріс, қайта құрулар болып жатқан елдерде жан-жақты ұйымдасу жұмыстарын жүргізу.

Қорыта келе, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ағамыз айтатындай, аспай-саспай, жаман жерді баспай жүрейік. Үлкеніміз-үлкендіктің, кішіміз кішіліктің жолын білейік.

Қ.САЛЫҚБАЕВ,
Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру бөлімінің басшысы.

Тыңдарман жүрегін жаулаған

Өткен жолы Алматы қаласына жолым түскенде көкірегі ояу, көзі ашық, анам Зағипа Тұрсынқызы дастархан басында:

-Мақсат сен ауданымызда есімі ескірген, тіпті елдің жадынан шығып бара жатқан өнер шығармашылық адамдары туралы тамтұмдап жазып жүрсің ғой. Сол Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейін туылған, аудандық мәдениет үйінде, мал шаруашылығы, оның ішінде шопандар, егіс алқаптарында жұмыс істеп жүрген еңбек адамдарының арасында үгіт-насихат пойыздарында жүретін аудандық автоклуб меңгерушілері қатарында көзге түскен майталман өнер адамдары толық айтылмай жүр. Расында ол уақытта Құлжабай Төлеуов, Сүгір Әліұлы, Төлеген Момбеков, Файзулла Үрмізовтер мен қатар Әміреев Аманбай сияқты тума талант иелері болды, Соларды да іздеп жазсаң дұрыс болар еді деп ой салған еді. Әнші, термеші, мәдениет саласының білгірі Аманбай Әміреұлы 1934 жылы Созақ ауданында Қозмолдақ ауылында таудың қуысында Итмұрын деген жерде дүниеге келген. Орта жүз Саңғыл, оның ішінде Ақсай, Тайлақ атасынан шыққан. Әкесі Әміре мен анасы Зибадан үш перзент болған. Үлкені Ізтай, ортаншысы Құлтай, кенжесі Аманбай деген балалары дүниеге келеді. Үлкені Ізтай Сызған-Қозмолдақтағы Бостан қарияның үлкен қызы Пернекүлдің қызын (тарақты) алады. Аманбайдың жұбайы Сәрген 1936 жылы дүниеге келген. 2013 жылы 79 ға қараған шағында өмірден озды. Сәрген апай аудандық шаруашылықтың түрлі салаларында, тұрмыс қажетінін отау комбинатында, аудан орталығындағы қонақ үйдің меңгерушісі жұмыстарын атқарды. Аманбай ағамыз бен Сәрген апамыздың жеті баласы болды. Үлкені Талғат ағамыз 1959 жылы дүниеге келген, Ауған соғысының ардагері, Шымкент қаласында тұрады. Екінші ұлы Ғабдолла 1960 жылы туылған. Олмузыкалық аспаптарда шебер ойнаған екен. 1980 жылдары ауданның атынан құрылған ансамблдің алғашқы мүшесі болған. Әттең өмірі қысқа болып 2006 жылы өмірден озған. Қыздардан үлкені Шакиза Шымкент қаласында тұрады. Үшінші перзенттері Ғарифолла (1963 жылы) 2012 жылы қайтыс болды. Ғазиза 1965 жылы туылған Шымкент қаласында, кенжесі Мархабат 1969 жылы туылған, бүгінде Алматы қаласында екен. Барлығы үйлі жанды болған. Аманбай 1970 жылы 10 қазанда 36 жасында өмірден өтеді.

Белгілі журналист Төреғали ағамыздың халық композиторы, шертпе күйдің шебері Сүгір Әліұлының 130 жыл толу шарасында Сүгір мұраларының жанашыры, өнер зерттеуші, зейнеткер журналист Жаулыбай Иманәлиевпен сұхбатын республикалық «Айқын» газетінде көзім шалып қалған еді. Сондағы сұхбатта:

- Мен 1954-55 жылдары Созақ елді мекенінде Сүгірдің қызы - Ұлбаламен бір сыныпта оқыған жайым бар. Ол кезде ағам - Төлебай Тасболатов аудандық партия комитетінде аймақтық хатшы (зональный секретарь) болып қызмет ететін. Ағаларымыз Сүгірдің кім екенін, әрине, білген болар. Ал біз бала болдық, шала болдық, Сүгірдің ол кезде қадірін біліп үлгермеген едік. Кейін Төлебай ағам қызметіне байланысты аудан орталығы-Шолақ-қорғанға көшіп келді.

1958 жылы оның сыныпта оқып жүрген кезім. Қыркүйек айының аяғына таман, мектеп оқушыларын автобуспен мақта теріміне алып кетті. Ол кезде мақта терімінің науқанына үлкен-кіші азаматтардың бәрі түгел қатысатын. Мені аудан-



дық мәдениет үйінің басшылары арнайы өтініш жасап, бұл жұмыстан босатып алып қалды. Ондағы себептері менің домбыра тартатын өнерім еді. Аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен әнші-күйші, биші, жыршыларды жинап, екі ай ауданның барлық шаруашылықтарын аралап жүріп, концерт қойғанымыз есімнен кетпейді. Менің тартатыным - домбыра, сосын мондолин. Әншілерді мондолинмен сүйемелдеймін. Құрманғазының «Балбырауын» күйін, сонан соң Дәулеткерейдің «Құдашасын» домбырада жеке орындайтын бар.

Қазан айының ортасында Созақ совхозына бардық. Созақтың шетінде Калинин атындағы бөлімшенің шағын мәдениет үйінде концерт қоятын болдық. Далада, мәдениет

ете қалды.

- Әй солақай інім, сен енді саспай, орындайтын күйлеріңде ширақтау болуға тырыс,-деді Аманбай ағамыз, маған қарап. Бір кезде кезтаныс-Сәуірбек Қарбазов деген осы Созақтың жігіті келіп, бізбен амандаса берді. Өзі бізден үш-төрт сынып жоғары оқитын, домбырашы атанып жүрген осы ауылдың белгілі жігіті. Серейіп өсіп, ұзын сарының өзі болған.

-Жаңағы келіп, амандасып кеткен шал - Сүгір деген атақты күйші. Ол да сен сияқты солақай. Бас-аяғын түгел, дұрыс білетін күйлеріңнен тарт,-деді.

Ішімнен: - Қап, бәле болды-ау,-деп тұрмын.

Менің сенетінім мондолин. Бәтима деген әнші қызымызды сүйемелдеп сахнаға қайта-қайта шығатыным бар. Ол жақсы әнші. Мондолинді бұлбұлдай сайрататын кезім. Концерттіміз басталды. Кезегім келіп, домбырамды ұстап, саханаға шықтым.

- О - о, солақай шықты, - деп көпшілік «гу-у» етіп барып басылды. Ең алдыңғы қатарда Сүгір қария, оның қасында екі езуі екі құлағына жетіп Сәуірбек отыр. Алдымен Дәулеткерейдің «Құдаша» күйін орындадым. Күйді аман-есен сүрінбей аяғына жеткізген сияқтымын. Жұрт гүлдетіп қол соғып, біразға дейін басылмай

да аузына Құдай салды ма екен. Кейін университет бітіріп келіп, облыстық газетте қызмет етіп жүріп, сол қарияның артында қалған күйлерін жинадым. Күні бүгінге дейін Сүгір күйінің орындаушыларын насихаттап келемін» деген естелік жолдар шырлайды. Нақты Аманбай ағамыздың бүгінде көзін көрген, білетін кісілер де некен саяқтап барады. Білетін кісілердің айтуынша еуропа стилінде киініп, сал серілер үрдісінде киенетін. Ол кісінің өмірінің мәні де сол болатын. Шығармашылық саланы еркін таңдап сол бағытта жүрген кісі болыпты. Ол уақытта қазақ жастары үшін мандолин, гитара, халыққа мейлінше қызықты аспаптарды ойнау салты модаға айналған уақыт. Керек болса ол уақытта әр үйден бір -бір домбыра табылмаса да екі-үш үйден мандол аспабы табылатын.

Кешкілік ауылдық клубтарда, мәдениет ошақтарында ауылдық өнерлі қыз-келіншектері, жастар жиналып, баян, мандолин, гитара, домбыра аспаптарымен жаттығып жататын. Шәмші Қалдаяқов мандолина аспабында жақсы ойнаған деседі. Сазгар бүгінгі халық арасында кеңінен тараған әндерінің көпшілігін осы аспапта шығарған екен. Мандолина аспабы негізінен италияндықтардың аспабы деп жатады.

Мандолина-ішекті-шертпелі шағын ғана музыкалық аспап. Оның шектері саусақтармен емес, арнайы медиатормен шертіледі. Мандолинаның металл шектері қысқа дыбыстар шығарады. Мандолина ең алғаш XVI ғасырда Италияда пайда болған. Ал келесі жүзжылдықта бұл аспап әлемнің түкпір-түкпіріне тарап үлгерді. Аталмыш аспаптың ең кең тараған түрі - скрипкаға ұқсас төрт ішекті неаполитандық мандолина. Ал миландық мандолинада бес ішек болады. Мандолинаға кейде ги-



тұрды. Екінші кезекте Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындадым. Күй аяқталған сәтте, шағын мәдениет үйінің төбесін төңкеріп жібере жаздап, қол соқпасы бар ма. Концерттіміз аяқталып, сыртқа шықтық. Сәуірбек келіп, менің арқамнан қағып: - Өй інім, жарайсың, жақсы орындайтын болыпсың ғой. Сүгір қарияның не айтқанын айтайын ба? - деді.

Жігіттер мен қыздар: - Иә, айт-айт, - деп қалды. «Басқаларын қайдам, ана солақайдан қорқам. Содан түбінде бірдеме шығады» деді ғой деп, менің арқамнан қайта-қайта қағып қояды. Кім біледі? Сүгір ақсақалдың

тараны да жатқызады. Алайда мандолинаның гитарадан біршама айырмашылығы бар. Мандолина - жеке орындауда да, ансамбльдік орындауда да кеңінен пайдаланылады. Кеңестік кезеңде мондолина аспабы Ресейде өте танымалдыққа ие болған.

Енді осы аспапты игерушілер саны қалай болуда? Жастар домбырамен қатар мандолин аспабын да игеріп жатса құба құп. Теріскейде мандолин әуезімен тыңдарманының жүрегін жаулаған әнші, музыкант Аманбай Әміреевтің қалдырған өнегелі мұрасын ел арасынан іздеу-бәріміздің міндетіміз болмақ.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

ЖШС «Joint Drilling» бұрғылау компаниясы бұрғылау мамандарын жұмысқа шақырады

Мамандар:

- Бұрғылау учаскесінің бастығы
- Техник-технолог
- Инженер-технолог
- Жетекші механик
- Бұрғылау слесары
- Бұрғылау шебері
- Бұрғылау қондырғысының машинисті УОС
- Бұрғылау механигі
- Бұрғылау қондырғысының машинисті ЗИФ-1200

Талаптары:

- Орта, жоғары білім
- Осы саладағы міндетті тәжірибесі 3 жылдан жоғары болуы тиіс

Байланыс:

Телефон: +7(775)8310775, +7(701)3505138

E-mail: deloproizvoditel.jointdrilling@mail.ru

Мекен-жайымыз: Түркістан облысы, Созақ ауданы, учасок "Буденовское-6,7".

Дала, орман өрттерінен сақ болайық!

Табиғи дала орман өрттері найзағайдың әсерінен, күннің қаты яғни 40-45 С ыстығының әсерінен құрғақ шөптердің өздігінен жануы мүмкін себебі олардың тұтану температурасы жоғары болады;

Жасанды дала орман өрттері адамдардың күнделікті өрт қауіпсіздік ережесін сақтамағандықтан пайда болатын өрттер. Адамдардың шылым шегіп толықтай сөндірмей тастап кеткенінің әсерінен, кішкентай балалардың сіріңкемен ойнау нәтижесінде және шаруашылық иелерінің ауыл шаруашылық техникаларында өрт қауіпсіздігін сақтамау, себебі от басқышсыз жүруінен пайда болуы мүмкін.

Дала, орман өрттерінің алдын алу шараларында, орманның аса өрт қауіпті аймақтарына адамдар мен техникалардың кіріп шығуына шектеу қоюға, дала, орман өрттеріне қарсы өзара бірлескен іс-қимыл жоспарын жасап, орман қоры жерімен шекаралас аймақтарда өрт қауіпі маусымы кезінде ауыл округі бойынша ерікті өрт сөндіру жасақтарын ұйымдастырып, құрамы бекітіліп дайын болуы қажет;

Ауыл әкімдіктеріне шекаралас орналасқан орман қоры жерлеріне өрт сөндіруге бейімделген және жанар-жағар маймен қамтамасыз ітілген техникалар жасақталып дайындықта тұруы керек;

М.ӨСКЕН,

Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Жарамсыз деп танылсын

Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы) нотариаттық аймағының нотариусы А.Б.Отаубаевамен 08.04.2013 жылы берілген №2197 санды «заң бойынша мұраға құқық туралы куәліктің» жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда...

Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл әке, ардақты ата, ауыл-аймаққа қадірлі жан **Жасымбек Жайымбайұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің нұрлы бейнесін сағынышпен еске аламыз.

Кейсеңдағы бізден алыс мәңгілік, Жүрміз әлі сағынышпен қамығып. Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда, Жадымызда тұрар әркез жаңғырып, - деп, асыл әкеміз Жасымбек Жайымбайұлының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас-21 сәуір күні (20 сәуір – қонақ асы Ш.Бекжанұлы көшесіндегі №12 үйде) Шолақорған ауылы, «Нұраман» дәмханасында беріледі.

Асқа шақырушылар: Жайымбаевтар әулеті.



Пейіштен орын берсін жасаған



Қыземшек кентінің тұрғыны, асыл әке, аяулы жар, ағайын-туыс пен дос-жаранның ортасында сыйлы болған жан **Өтжанов Ғалымжан Пернебайұлының** дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Жаны жайсаң азаматымыздың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Ажал сені алып кетті ортадан, Енді қайтып келмейсің-ау қайтадан. Жайтқан жерің жайлы болсын бауырым,

Пейіштен орын берсін жасаған, - дей келіп, Ғалымжан Пернебайұлының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас - 20 сәуір күні (19 сәуір – қонақ асы) Қыземшек кентіндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: ата-анасы - Пернебай-Қарлығаш, туған-туыстары, ұл-қыздары.

Хабарландыру

«Будёновское» БК» ЖШС 16.05.2024 ж. 12:00, ТОО, Созақауданы, Бақырлы ауылы, Жиенбет батыр к-сі, 13А, Әкімдік ғимаратында Будёновское кенорнының 6-7 учаскесінде эмиссиялар нормативтерінің (жол берілетін шығарындылар нормативтері) жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Бастамашы: «Будёновское» БК» ЖШС, ТОО, Созақ ауданы, Қаратау а/о, Сарыжаз ауылы, 021 квартал, 627 ғимарат, БСН 161040005807, тел.: +77273436700, info@spb.kazatomprom.kz.

Орындаушы: «ЭАИМ» ЖШС, БСН 011140005355, Шымкент қ-сы, Жібек-жолы д-лы, 43, 102, info@eaim-kz.com, 87017323187

Материалдармен esportal.kz біріңғай экопорталында және ТОО ТРЖТТРБ сайтында танысуға болады, және сол жерлерде ұсынғыстар қабылданады, оған қоса электрондық пошта: a.erkebai@ontustik.gov.kz. Материалдардың қағаз нұсқасымен Созақ ауданы, Сарыжаз ауылы, 021 квартал, 627 ғимаратында танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша телефон: +77017323187.

Объявление

ТОО «СП «Будёновское» объявляет о проведении 16.05.2024 г. в 12:00 по адресу ТОО, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Бақырлы, ул.Жинбет батыра, 13А, общественных слушаний в форме открытого собрания по Проекту нормативов эмиссий (нормативов допустимых выбросов) участка 6-7 месторождения Будёновское.

Инициатор: ТОО «СП «Будёновское», адрес: ТОО, Сузакский район, Каратауский с.о., село Сарыжаз, квартал 021, здание 627, БИН 161040005807, тел.: +77273436700, info@spb.kazatomprom.kz.

Исполнитель: ТОО «ЭАИМ», БИН 011140005355, г. Шымкент, пр. Жибек-жолы, 43, 102, эл.адрес: info@eaim-kz.com., +77017323187.

С материалами можно ознакомиться и оставить предложения на едином эко-портале esportal.kz, на сайте УПРиРП ТО и по эл.адресу: a.erkebai@ontustik.gov.kz. С материалами в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: Сузакский район, Каратауский с.о., село Сарыжаз, квартал 021, здание 627. По всем вопросам обращаться по телефону: +7 701 7323187.

Хабарландыру

2024 жылғы 17 мамырда Түркістан облысы, Созақ ауданы, С.Бақырлы мекенжайы бойынша әкім аппаратының ғимаратында келесі жұмыс жобаларына Қоршаған ортаға ықтимал әсерлерді бағалау есебі бөлімдеріне қоғамдық тыңдаулар өтеді:

1. «Түркістан облысы Созақ ауданындағы 2023-2025 жылдарға арналған «Қаратау» ЖШС «Буденовское» кен орнының № 2 учаскесінде геотехнологиялық алаңның (магистральдық құбырларды жобалау) құрылысы (кеңейту)». Бастамашы: «Қаратау» ЖШС, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сарыжаз ауылы, 021 квартал, 192 үй. Өткізу уақыты: сағат 11:30

2. «Түркістан облысы, Созақ ауданы, Буденовское кен орнында №1,3,4 учаскелер бойынша 2023-2024 жылға геотехнологиялық полигонды кеңейту құрылысы». Бастамашы: «Ақбастау» БК «АҚ, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған кенті, Жібек Жолы көшесі, 67 ғимарат. Өткізу уақыты: сағ, 12:30.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты +77778908808, +77026616646 телефондары арқылы алуға болады.

Әзірлеуші: «KAZ Design & Development Group LTD» ЖШС, Алматы қаласы, Навои көшесі, 74, 131-кеңсе, тел.: +7 (777) 8908808, +77026616646.

Белгіленген қызмет бойынша хабарландыру және құжаттар <https://esportal.kz/> сайтында орналастырылған.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО «Түркістан облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» КММ, Түркістан қаласы, Жаңа Қала шағын ауданы, 32 көше, 20 ғимарат, aidarerkebai@yandex.kz.

Ұсыныстарды Esportal.kz мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша қағаз немесе электрондық нысанда жібереді.

Объявление

17 мая 2024 г. по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, с.Бақырлы, в здании аппарата акима состоятся общественные слушания к разделам Отчет оценки возможных воздействий на окружающую среду к рабочим проектам:

1.«Строительство (расширение) геотехнологического полигона (проектирование магистральных трубопроводов) на участке №2 месторождения «Буденовское» ТОО «Каратау» на 2023-2025 года в Сузакском районе Туркестанской области». Инициатор: ТОО «Каратау», Туркестанская обл, Сузакский р-н, с.Сарыжаз, квартал 021, дом 192. Время проведения: 11:30 ч

2.«Строительство расширения геотехнологического полигона на 2023-2024 годы по участкам №1,3,4 месторождения «Буденовское» в Сузакском районе Туркестанской области».Инициатор: АО «СП «Ақбастау», Туркестанская область, Сузакский район, пос. Шолақорған, ул.ЖибекЖолы, здание 67. Время проведения: 12:30 ч.

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до 5 последовательных рабочих дней по решению участников слушаний.

Для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, запроса копии документов обращаться по телефону +77778908808, +77026616646.

Разработчик:ТОО «KAZ Design & Development Group LTD», г. Алматы, ул. Навои, 74, офис 131, тел.: +7(777) 8908808, +77026616646.

Объявление и документы по намечаемой деятельности размещены на сайтах по ссылке: <https://esportal.kz/> и сайте УПР ТО.

МИО, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Туркестанской области»,г.Туркестан, микрорайонЖаңаҚала, улица 32, здание 20,aidarerkebai@yandex.kz.

Направить замечания/предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу Esportal.kz.

Сексеуілді қорғайық!

Сексеуіл құмды шөлдің қорғаны болып табылады. Олай дейтініміз құмды бекітіп ұстап тұрады. Сексеуілдің жас өскіндері түйеге, қойға жақсы азық. Оның себебі жас бұтақ жапырақтың қызметін атқаратын болғандықтан құрамында малға қажетті барлық органикалық заттар болады және көп суы бар. Бұл малға бір

жағынан азық болса, екіншіден сусын. Сексеуіл шөлдің тірі қазба байлығы болып табылады. Оның себебі отқа жаққандағы қызуы жағынан нағыз қазба байлық тас көмірден кем түспейді. Сексеуіл күлінен сақар (тыңайтқыш) өндіріледі. Сексеуілдер қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап тұруда ерекше орны бар. Дүлей соққан желден құм көштерін тоқтатады. Сексеуілдерді қорғаныш ететін жан-жануарлар мен жәндіктер қаншама. Әсіресе түз тағылары киіктерге сексеуілдер арасы өсіп өнулеріне өте қолайлы. Қазақстанда қолданылуы мен жойылуы. Қазірге дейін жұрт сексеуілдерді отқа та-

мызық ретінде пайдаланатын. Нарықтық қатынастың алғашқы жылдары бұл жағдай күрт өзгерді. Көмірдің жетіспеушілігі мен қымбаттаушылығы елді мекендерде тұратындарға ауыр тиіп, сексеуілді таза отын ретінде қолдана бастады. Бұрын ауыл іргесінде өсетін сексеуілдерді қазір елу, алпыс шақырым қашықтықтардан ғана көре аламыз. Сондықтан да табиғат ананың сыйын қадірлей білейік.

Бекжан ШЫЛМАНБЕТ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Созақ-қазақ даласы. Кең жазира жеріміздің бір пұшағы. Мұнда, дастарханнан енші алыспаған қазақтар тұрады. Арағырақтан айтқанда Алпамыс батыр жырында айтыла беретін Баба түкті Шашты Әзіз жатыр. Түгел түркі жұртына ортақ тұлға Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың жаназасын шығарған Қара бура әулиеде осында. Елім-ай әніндегі, «Қаратаудың басынан көш келеді, Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді» деген атақты Қаратауда осы Созақ ауданында

«Жоқ, мен Созақтанмын!» дейді. Сонда әлгі: «Дұрыс қой, Созақ Шымкентке қарамай ма?» десе, «Жоқ, Шымкент Созаққа қарайды» деген екен. Бұл қазақ ұлтының абыройын асқақ, Созақ елінің мәртебесін биік етіп жүрген аптал азаматтар.

Отызыншы жылдары орыстан келген апатқа қарсы тұрып, атақты «АЛЛАХУ» көтерілісін бастағанда осы Созақ жұрты. Бұл көтеріліс қазақ даласындағы ең ірі көтерілістердің бірі болған. Бірақ үкімет тарапынан әліде лайықты бағасын алмай келеді. Орысқа қарсы

тын тау бар. Ақ патшаның кезінде осы таудан алтын өндірілген. Қазіргі уақытта қайта қолға алынып алтын өндірісі жұмыс жасап тұр. Жер асты байлығыда жетерлік. Созақ уран өндірісінен еліміз бойынша донның аймаққа жатады. Ел қазынасының қомақты бөлігі осы Созақтың уран өндірісінен түседі. Ұлттық компанияны Мұхтар Жақиев басқарып тұрған жылдарда «Болашақта Созақтың төркіл дүние танытын болады. Қазақстанды ең көрікті, ең бай елге айналдырамын» деген сөзі бар. Бірақ аяқтан

ОҢТҮСТІКТЕ СОЗАҚ ДЕГЕН ЕЛ БАР!

көсіліп жатыр. Қазақ тарихы айтылғанда Созақ даласын айналып өте алмайды. Өйткені Қазақ ел болып ең алғашқы туын тіккенде Созақ астана болды деген деректер бар. Бұл Созақ шежіресі.

Еліміз бойынша ең танымал тұлғалардан атай кетейін. Атақты күйшілер, Сүгір Әліұлы, Төлеген Момбеков. Қобызшы Жаппас Қаламбаев. Шертпе күйдің хас шебері Генерал Асқаров. Қазақта, «Созаққа барсаң күйшімін деме» деген сөз осы кісілердің күйшілік құдіретін мойындағандықтан айтылған. Бұлар Созақ үні.

Қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, Қазақ ССР Ғылым академиясының ірге тасын қаласқан, халқымызға аты әйгілі түрколог-ғалым Исмет Кеңесбайұлы Кеңесбаев. Көрнекті драматург - Асқар Сүлейменов. Бір кездесуде атақты Асқар Сүлейменовтен «Аға, сіз Шымкент облысынансыз ба?» деп сұрапты. Асекең:

қол бастаған Салықбай мергенге ең болмаса бір көшеге аты берілмеуі соның дәлелі. Аллаһу қырғынынан кейін аштыққа ұрынған елді Сұлтанбек Қожанов құтқарып қалды. Белгілі қоғам қайреткері елді аштықтан құтқарған «ақысына» орыстың қолынан атылып кетті. Бұлар Созақ ұлтшылдары.

Созақ табиғатына сән беріп, Қаратау тәжіне айналған Келіншектау көлбетіде бір керемет көрініс. «Келіншек тау» аңызы исі қазақ жұртына кеңінен тараған. Сақен Сейфуллин түрмеден қашқанда «АҚСАҚ КИІК» әніне арқау болған атақты Бетпақдала жатыр көсіліп. Мойнқұм жалдарында «Сақен асуы» аталатын асуда бар. Шәмші Қалдаяқовтың «Теріскей» әніде осы Созаққа арналған. Шәмшіні бала күнінде Созақтан кеткен деседі. Жыныс ата ауылында «Шәмшінің бұлағы» аталған кішкене бұлақ бар. Созақта Алтынтау атала-

шалушы алаяқтар Мұхтарды ол арманына жеткізбей жіберді.

Шерхан Мұртазаның жазғаны бар, «Оңтүстікте Созақ деген ел бар. Бұл шалғай жатқан, өзіне Қыдыр қонған ел» деген. Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов Созаққа жасаған соңғы сапарында, «Созақты білмеген Қазақты білмейді» деген тұжырым жасапты. Тәкен Әлімқұлов «Мына қарт Қаратауға тіл бітсе, қазақтың талай тарихы ашылар еді ау» деген екен. Бұл ірі ойшылдарымыздың Созақ туралы толғамдары.

Созақ Қазақтың қасиетті мекені. Созақта бір күн болған адам оны өмір бақи ұмыта алмайды. Осынау киелі туған өлкемді жалпақ жұртқа таныстыру мақсатында жалпақ тілмен ықшамдап жазып отырмын. Созақ Қазақтың ажырамас бір бөлшегі. Қыртысы қалың Қаратау байлығыда елге ортақ. Сағымдай бұлдыраған сары даланыңда иесі өзіңнің жұртың.

Құдай үшін ғана істейсіз бе?

Бәрімізде, Алла деп жатып, Құдай деп жүрген көп қазақтың біріміз ғой. Бірақ мен бес парызын берік ұстанған соншалықты Құдайшылда емеспін. Менің айтпағымда осы. Өзгені мысалға алмай ақ, өз өмірімнен баяндайын. Мені, сексен жетіге келіп дүниден озған қара кемпір асыраған. Әжем марқұм, Оразасын ұстанып, Құранның оқиды, Тәспісін тартып, намазын оқып мұсылмандық парызының бәрін орындап жүретін. Біздер, дастарқаннан нан үзгенде «Біссимиллә» деп бастасақ, «Бисмилляхир-рахманир-рахим! деп толық айтыңдар. Біссимилләні шайтанда айта алдады. Шайтанның «Р» ғана тілі келмейді. Сондықтан толық айтқан жақсы» деп сабырмен түсіндіретін. Қазақтың салт-дәстүрінде кенде емес. Той бастар, Тұсау кесер, Бет ашар деген тойлардың бел ортасында жүреді. Құмалақ шашып бал да ашады. Ою ойып, тұмақ тігеді. Қолға су құйған балаға, «Өркенің өссін» деп, Ал, келіндері сәлем салғанда «Тәңірі жарылқасын» деп бата беретін. Бірақ бізге берген негізгі тәрбиесі, «Ұят болады, Обал болады, Жаман болады» деген үш ақ ауыз сөзге сыйып кететін. Осы үш ауыз сөз өмірлік ұстанымыма айналды. Алланың барына сендім. Бірақ Алланың разылығын алу үшін арнайы іс жасамадым. Не істесемде алдымен ойыма келетіні «Обал мен Ұят» болды. Кісі ақысын жемедім, Ала жіптен аттамадым, Өтірік сөйлемедім. Неге? Өйткені ҰЯТ болады. Ашыққанға нан бердім, әлсізге көмектестім, Нанды баспадым, Ақты төкпедім, Жануарды қинамадым. Неге? Себебі ОБАЛЫНА қалғым келмеді. Осылай жасамасам ЖАМАН болады деп түсіндім. Ешқашан Тозақтан қорқып, я болмаса Жұмақтан дәмәтіп істегенім жоқ. Мұның бәрі адамның бойында болуы тиіс адами қасиеттер деп білемін. Құдайдан қорқып қана түзу жолмен жүріп, Алланың сүйікті құлына айналамын деген бұл қазақтың ұяты жібермес. Тіршілікте тіріге қыянат қылмай, Алланы мойындап, өлімді хақ деп танып, Дін мен Дәстүрімізді ұштастыра білсек- Алла алдында, Адам алдында жүзіміз жарқын, еңсеміз тік болар деген ойдамын!

Соңғы дем

Ол, есін жиғанда басынан біреу балғамен ұрып жатқандай солқылдап ауырып тұрды. «Маған не болған?» Есіне түсер емес. Зорлана көзін ашты. Көз алды қыпқызыл бірдеме. Көзін қайта жұмып өз-өзіне келуге тырысты. Енді байқады көргені қанға боялған айна екен. Есіне көлік апатына ұшырағаны түсті. Жылдамдықты қызыға арттырып, көк тайғақ мұзда көлігі тізгінге көңбей жолдан шығып кеткен еді-ау. Тау жолдары тар, тізгін тартып көргенмен бәрі көш еді. Өзінің осы жолдан өткен сайын сүйсіне қарайтын Қаратаудың биік жартастары мұны қатты соққыммен қарсы алды. Дүние шыр көбелек айналып кетті...

Енді жатысы мынау. Қозғалмаққа әрекет жасап көріп еді жаны мұрнының ұшына келді. Бойын қорқыныш биледі. «Шынымен өлген жерім осы болғаныма?» Осы бір ойдың басына келгені сол -ақ екен бүткіл өткен өмірі көз алдынан тізбектеліп өте берді. Туған жері, ата-анасы, сүйген жары, ұл-қыздары... бәрі, бәрі...

Ауа жетпей тынысы тартылғандай болды. «Шіркін туған жердің сағ алтындай таза ауасын бір жұтармеді» Басынан біреу сипағандай болды. Ып-ыстық алақан. «Апа» -деп қалды еріксіз. Үні шықпай айтты. Байқаса бастан аққан қан екен. Ып-ыстық қан. Көңілі босап кетті. Енді, аяулы жары келді көз

алдына. Қос перзентін көтеріп алыпты. Көзін төңкеріп бұған ымдағандай болды. Сол, баяғы өздеріне ғана аян, екеуі ғана түсінетін құпия сырлары... Көкірегі шоқ тұскендей ысып кетті.

Тамағы кеуіп жұтынып қалып еді тамағына жылымыш қанның дәмі келді. «Шіркін, Көк бұлақтың балдай суынан құмарым қанғанша ішермедім»

Осының бәрін қас-қағым сәтте ойлап, аңсап үлгерді.

Мұрнына ащы түтін аралас күйген еттің иісі келді. Көліктің аяқ оранғанын, жансызданған аяқтары жана бастағанын түйсігімен ғана сезінді.

Кенет, тыныс алуы жеңілдегендей болды. Көздері де еріксіз ашылып кетті. Кеңінен ашылды. Басын шалқайта құз басына қарады. Құзар шыңның басынан көтеріліп бара жатқан қыран бүркітті анық көрді. Бұлда қанатын қомдап ұшуға оқталды. Енді бір сәтте демін терең алып, қатты бір сілкінді де көкке көтеріле берді... Бұл, оның соңғы демі еді...

Құрметті оқырман: Адам баласы өмірге келерде екі нәрсені таңдай алмайды. «Туған жер мен туған ата-ананы»

Өмірге келген соң екі нәрсені айналып өте алмайды. «Махаббат пен өлім»

Мына бір арпалысқа толы дүниенің нүктесін қоятында сол соңғысы, «Өлім». Опасыз өмірден өтерде алар еншіде сол ғана. Кезегі келгенде қымбаттыларын қимастықпен еске алып, жалған дүниеге жазғыра лағынет айтып үзіліп кете бермек... Иә, дүние жалған!

"ҮЙГЕ КІРСЕҢ ТАЯҚ ЖЕЙСІҢ"

Алыстан ат арытып іздеп келген құрдасы үй егесіне:

—Ассалаумағалейком! -деп сәлем берді. Үй егесі:

—Уағалейкумассалам. Аттан түс құрдас. Қонағым бол. Бірақ алдын ала айтып қояйын, үйіме кірсең боқ жейсің -депті. Мына сөзді естіген құрдас атының басын бұра жөнеліпті.

Араға алты жыл салып әлгі атты құрдас тағы соғыпты. Бірі біріне өкпесі өтпейтін қос құрдас тағы амандасыпты.

—Аттан түс құрдас, қонағым бол. Бірақ алдын ала айтып қояйын, үйіме кірсең таяқ жейсің депті. Мына сөзді естіген құрдасы тағы жөнел берді.

Арада тағы біраз жылдар өтіп, атты құрдас тағы келіпті. Үй егесі сәлем берген құрдасты аттан өзі қолтықтап түсіріп, үйіне кіргізіп, төріне оздырыпты. Астына құс мамық, қолтығына қос жастық тастап құрметтеп күтіпті. Өңшең сыйап жігіттер қолына су құйып, табағын тасып, етін турады. Қырмызы қыздар қымыз құйып ән салып, би билеп қонақтың көңілін көтереді. Үй егесінің мына мырзалығына таң қалған құрдасы:

—Сені іздеп екі келгенде ат үстінен қайтып

едім. Бұл жолғы күтісіңе разы болып отырмын -дегенде, үй егесі:

—Құрдас, бірінші келгенінде «боқ жейсің» дегенім мына жүрген балаларымының барлығы тым жас еді. Бірі бесікте, бірі есікте былғанып жататын. «Боқ жейсің» дегенім сол еді. Екінші келгенінде осы балаларымының аяғы шыққан тынымсыз шақтары еді. Топырлаған баланың бірі байқаусызда теуіп кетем деген, алдын ала «таяқ жейсің» дегенім рас. Енді міне сол балаларымының барлығы ер жетіп, екеуімізге қызымет етіп жүгіріп жүр. Айналайын ақ құрдас, астарлап айтсамда кеуденнен итергендей болдым деген қиналып жүр едім. Сені енді айналып келсе айыбымды жуармын деген сөзімде бар. Астыңа ат, үстіңе шапан жаптым! деген екен.

Қазақта қайтарымызсыз дүние жоқ. Кісіге өткен сөздіңде, істіңде түбі бір қайыры бар. Қазақ ондайды қалт жібермейді, ешқашан ұмытпайды да.

Айтылған астарлы сөз қатты тиседе атты құрдастың сөз салмағын түйсініп, осы үйде бір ақысы барын сезініп айналып соғып отыруда жайдан-жай емес. Үй егесіде мұндай жүйрік оймен сөз толғап құрдастың ренішін тарқатып, айбын жуып отыр. Әрі мынадай керемет әңгімені тыңдап отырған үй егесінің балаларына берерін айтыңыз.

Бұл әңгімеде қос құрдаста ұтылған жоқ. Бірінің жаны жай, екіншісінің қанжығасы май болып көңіл демдескені көрініп тұр.

Айдар **ТЕМІРБЕКҰЛЫ.**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілшілер-
Нұржанай МАЙУСОВА
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташев көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3250 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.